

Сонымен, строби с.д.т, препараты алманың таз қотыр ауруының қоздырғышына қарсы өңдеу өнімнің тауарлық сапасын жақсартады және алма жемісін аурулардан қорғауда жоғары тиімділігін береді. Строби с.д.т., фунгицидін жеміс шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарға алманың таз қотыр ауруына қарсы ұсынамыз.

Қорытынды

Мақалада строби с.д.т препаратының 0,2-0,15 л/га мөлшерде алманың таз қотыр ауруына қарсы биологиялық тиімділігі туралы мәліметтер келтірілген. Строби, с.д.т фунгицидімен өңдеу бақтарда таз қотыр ауруына қарсы оңтайлы нәтиже көрсетті.

Әдебиеттер

- 1.Исин М.М. Болезни сада. Алма-Ата, 1974.-247с.
- 2.Сагитов А.О., Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. Ауыл шаруашылық фитопатологиясы. Алматы, 2000. – 210б.
- 3.Чумаков А.Е., Захарова Т.И. Вредоносность болезней сельскохозяйственных культур. М.,// Агропромиздат, 1990. -141с.

Кадырбекова Ж.Д., Джуманова Ж.К., Копжасаров Б.К.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФУНГИЦИДА ПРОТИВ ПАРШИ ЯБЛОНИ

В статье приводятся данные о биологической эффективности препарата строби, в.д.г. при нормах расхода 0,15-0,2 л/га против парши яблони. Обработка фунгицидом строби, в.д.г в насаждениях против болезни дала положительные результаты.

Kadyrbekova J.D., Jumanova J.K., Kopzhasarov B.K.

EFFICIENCY FUNGICIDE AGAINST APPLE SCAB

In an embodiment, the use of the drug strobe against scab yields were higher than controls at 15.5 kg / ha. Fungicide treatment strobe in stands against diseases have yielded positive results.

ӘОЖ: 633.16: 632.4

Қалдибаева Б.К., Сұлтанова Н.Ж.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДА АРПАНЫҢ ҚАРА-ҚОҢЫР ДАҚ АУРУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада республиканың оңтүстік-шығысында арпаның қара-қоңыр дақ ауруы зерттелді.

Кілт сөздер: Тамыр шірігі, қоздырғыш, алғы дақыл, сорттары, даму динамикасы.

Кіріспе

Арпа ежелден бері егіліп келе жатқан мәдени дақылдардың бірі және ол б.д. дейінгі Х–ХV ғасырлардан белгілі. Дәнді дақылдардың ішінде ол ауа райының қолайсыз жағдайына ең төзімді дақыл болып саналады.

Л.Д. Казенастың (1974) деректері бойынша арпада саңырауқұлақтар қоздыратын тасты, тозаңды және жалған тозаңды қара күйелер, ақ ұнтақ, гелиминтоспориозды және фузариозды тамыр шірік, сызықты, сары және қортық тат, септориоз бен жиектелген дақ, гелиминтоспориозды теңбілдену ауруларының бірнеше түрлері (қара-қоңыр, торлы, жолақты және ринхоспориоз) кездеседі.

Негізгі зерттеу нысаны ретінде *Bipolaris sorokiniana* саңырауқұлақтары қоздыратын арпаның жапырақтары мен сабақтарында кездесетін: қара-қоңыр дақ ауруы және осы дақылдың Арна, Бәйшешек, Асыл, Ақжол және т.б. сорттары алынды. Аурулардың таралуы мен даму динамикасы және зияндылығы анықталды.

Зерттеу нәтижелері

Біздің негізгі мақсатымыздың бірі Алматы облысы жағдайында арпа егістерінде қара-қоңыр дақ ауруының дамуы мен таралуына фитосанитарлық мониторинг жүргізу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, біз Алматы облысы жағдайында Жамбыл, Қарасай, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында, арпаның сүттеніп-балауызданып пісу мезгілінде мониторинг жүргізілді.

1 кесте - Арпа егістерінде жапырақ дақтарының таралуы мен дамуы, % (Алматы облысы, 2014 ж.)

Аудан және шаруашылық	Қара-қоңыр дақ ауруының көрсеткіштері, %	
	таралуы, %	дамуы, %
Жамбыл ауданы, Ұзынағаш а/а, Үмбетәлі ш/қ	24,0	5,0
Қарасай ауданы, Үшқоңыр а/а	60,0	5,8
Қарасай ауданы, Қарағайлы, а/а	34,0	6,4
Қарасай ауданы, Қайнар а/а	30,0	4,9
Еңбекшіқазақ ауданы, Ават а/а	50,0	9,9
Еңбекшіқазақ ауданы, «Махмудов» ш/қ	60,0	8,5
Панфилов а/а, ЖШС «Байсерке Агро»	56,0	6,9

Арпа егістерінен жиналған қара-қоңыр дақ ауруына шалдыққан жапырақ үлгілері зертханада жан-жақты тексерілді. Олардың кесінділері Петри табақшаларында ылғалды камерада термостатта 23-25⁰С аралығында 7-10 тәулік ұсталды. 4-5 тәуліктен кейін үстінде саңырауқұлақтың жіпшумағы мен конидия тасушылары және конидияларынан тұратын селдірлеу келген сұрғылт немесе қара-сұр өңез пайда болды. Микроскоп арқылы қарағанымызда саңырауқұлақ конидиялары жапырақ жасушасының саңылауларынан бірден немесе топтап (2-3 тен) шығатыны анықталды. 10 тәуліктен кейін *B. sorokiniana* саңырауқұлағы конидияларының биометриялық көрсеткіштері микрометр арқылы өлшенді. Нәтижесінде Қарасай ауданынан бөлінген *B. sorokiniana* саңырауқұлағы конидияларының көлемі ең ұзын (66,5 мкм) әрі енді (18,7 мкм) болып келетіні, сонымен қатар пернелер саны 9-ға дейін жететіні анықталды. Ал Талғар ауданынан бөлінген саңырауқұлақ конидиясының мөлшері керісінше, әлдеқайда майда болды, ол Еңбекшіқазақ ауданынан бөлінген саңырауқұлақ конидиясынан 11 мкм дейін қысқарақ келетіні анықталды.

2 кесте - Әртүрлі аймақтардан бөлінген *B. sorokiniana* саңырауқұлағы конидияларының биометриялық көрсеткіштері 2013 ж.

Жиналған жері	Ұзындығы, мкм		Ені, мкм		Пернелер саны	
	ауытқу шегі	орташа	ауытқу шегі	орташа	ауытқу шегі	орташа
Қарасай ауданы	12,0-66,5	54,6	17,5-24,5	19,2	4-9	5-6

Енбекшіқазақ ауданы	12,0-59,5	47,4	17,0-21,0	18,2	3-8	3-7
Талғар ауданы	12,0-63,0	49,2	17,5-21,5	19,0	3-8	5-7

Біз биылғы жылы арпаның өсіп өну кезеңінде Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-ның базасында арпаның 13 сортына қара-қоңыр дақ ауруына беріктігін анықтау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, қара-қоңыр дақ ауруына бағаланған 13 сорттың біреуі де беріктік көрсетпеді. Ауруға ең төмен шалдыққан жұлдыз сорты дамуы оның 1,0%-ды ал таралуы 5%-ды құрады. Қалған әсем, береке, ілек-1, арна, қарабалық 150 сорттары беріктік танытып, оларда аурудың даму дәрежесі - 2,2-4,4%-ды құрады. Ал қара-қоңыр дақ ауруына ең қатты шалдыққан сорттар бәйшешек, бота, мереке 150 және ақжол бұл жерде даму дәрежесі – 8,0-15,0%-ға дейін жетті, ал таралуы 32,0-60%-ды құрады сәйкесінше (3-кесте).

3-кесте - Арпаның пайдалануға тіркелген және болашақты сорттарының жапырақтың теңбілдену ауруларына шалдығуы (ҚазЕжӨШҒЗИ)

Сорттар	Қара-қоңыр дақ ауруы	
	таралуы %	даму дәрежесі %
ақжол	44,0	13,2
әсем	13,0	3,0
асыл	8,0	6,9
береке 54	17,0	5,0
бастама	25,0	8,5
бота	60,0	11,0
бәйшешек	53,0	15,0
жайлау	17,0	3,0
жұлдыз	5,0	1,0
ілек-1	12,0	2,2
арна	9,0	3,5
қарабалық 150	10,0	4,4
мереке 150	32,0	8,0

Қорытынды

Фитосанитарлық мониторинг нәтижесінде барлық аталған аудандарда аурудың дамуы 5,0-9,9%-дан аспады, ал аурудың таралуы 24,0-60,0%-ды құрады сәйкесінше. Біз бақылау жүргізген арпаның 13 сорты қара-қоңыр дақ ауруына шалдығатыны айқындалды.

Әдебиеттер

1. Казенас Л.Д. Болезни сельскохозяйственных растений Казахстана. Алма-Ата.: «Қайнар», 1974 . – с. 48-54.
2. Бекежанова М.М. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында арпаның гельминтоспориоз және ринхоспориоз ауруларымен күресу шараларын жетілдіру: автореф... канд. с.-х. наук. – Алматы, 2009. – 28с.
3. Хасанов Б.А. Определитель грибов – возбудителей «гельминтоспориозов» растений из родов Bipolaris Drechslera и Exserohilum. – Ташкент.: ФАН, 1992.- С. 3-150.

Калдибаева Б.К., Султанова Н.Ж.

ТЕМНО-БУРАЯ ПЯТНИСТОСТЬ ЯЧМЕНЯ В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА

В статье приводятся данные по развитию и распространению темно-бурой пятнистости ячменя в условиях юго-восточного Казахстана. Описаны биологические особенности возбудителя темно-бурой пятнистости гриба *Bipolaris sorokiniana*. Дана оценка сортов на устойчивость к темно-бурой пятнистости листьев ячменя.

Kaldibayeva B.K., Sultanova N.ZH.

DARK-BROWN SPOT OF BARLEY IN A SOUTH-EASTERN KAZAKHSTAN

The article presents data on the development and spreading dark-brown spot of barley in a southeastern Kazakhstan. Describes the biological characteristics of the pathogen dark brown spot fungus *B. sorokiniana*. Evaluated varieties for resistance to dark brownleaf of barley.

ӘОЖ: 633.16: 632.4

Қалдибаева Б.К., Сұлтанова Н.Ж., Алішеров Ж.Д.

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті,

²Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫСЫНДАҒЫ АРПАНЫҢ ҚАРА-ҚОҢЫР ДАҚ АУРУЫНА ҚАРСЫ ФУНГИЦИДТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы арпаның қара-қоңыр дақ ауруына қарсы фунгицидтердің тиімділігі жайлы мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: арпа, фунгицид, биологиялық тиімділік.

Кіріспе

Қазақстанда арпа дәнді дақылдардың ішінде бидайдан кейін екінші орын алады. Әдеби мәліметтерге сүйенсек Қазақстан Республикасында арпаның егістік көлемі 2 млн/га шамасында екендігі белгілі.

Арпа дақылында гельминтоспориозды дақтардың бірнешеуі кездеседі. Олар торлы, жолақты, қара-қоңыр дақтар. Ауру қоздырғыштары *Bipolaris sorokiniana* Sacc, *Drechslera graminea* Ito (*Helminthosporium gramineum* Rabh), *Drechslera teres* Shoem саңырауқұлақтары болып табылады және олар жыл сайын арпа өнімін айтарлықтай төмендетеді.

Арпаның қара-қоңыр дағы жапырақта өсіп өну кезеңінің сүттеніп пісу кезінде арпа жапырақтарында дамуы 54,8% немесе одан жоғары болады. Арпа қара-қоңыр дақ гельминтоспориозының бірнеше түрі бар. *Bipolaris sorokiniana* Sacc қоздырғышы тамыр жүйесін зақымдап тамыр шірігін тудырады сонымен қатар масақпен дәнекте қара түсті ұрық түрінде, ал жапырақта ауру қоңырқай дақ формасында кездеседі. Алайда, аурулармен күресудің ең тиімді күресу шаралары болып химиялық препараттарды, яғни фунгицидтерді қолдану болып табылады.

Біздің зерттеулердің негізгі мақсаты болып арпа дақылының қара-қоңыр дақ ауруына қарсы фунгицидтердің биологиялық және шаруашылық тиімділігін анықтау.